Шет ауданының білім бөлімі
Ш.Уәлиханов атындағы ЖББМ

Бекітемін:
Ш.Уәлиханов атындағы
ЖББМ директоры
__________ Г.О Аженеева
"___" ________ 2021ж

# Тәрбие жұмысының жоспары
# 2021-2022 оқу жылы

***Барлық білім беру ұйымында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспары негізінде құрылған***

**Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары: Шохинова А.М**

## *Түсінік Хат*

Ш.Уәлиханов атындағы ЖББМ де тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 -2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілінде құралды.Тәрбие жұмыстар барлық ынталы тараптар : отбасы, білім беру ұйымдары , қоғамның кең ауқымда кешенді түрде жүзеге асырылады.

Тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы басшылыққа алынып жасалды. 2021-2022 оқу жылында еліміздің жалпы білім беретін мектептерінде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасын жүзеге асыру аркылы оқытудың құндылықты-бағдарлық тәсілі енгізіледі.

### Қазақстан Республикасының заңдары

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995ж)
2.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы (2007ж)
3.Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт» жайлы заңы (02.12.1999ж)
4.Қазақстан Республикасының «Мейрам күндері» жайлы (2001ж)
5..Қазақстан Республикасының «Бала құқығы туралы» заңы (2002ж)
7.Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (10 - бап)
8.Қазақстан Республикасының «Тіл туралы заңы» (1997ж)
9.Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (925,926,927,1124 - баптар)
10.Қазақстан Республикасының Еңбекпен түзету кодексі (96 - бап)
11.Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» (172,177 - баптар)
12.Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық жайлы кодексі (12,154 - баптар)
13.Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты» туралы
14.Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын қорғау туралы(1998)

15.Қазақстан Республикасының «Кәмелекетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың

16. Қазақстан Республикасы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер» заңы

17. Қазақстан Республикасының «Темекі тартуды алдын-алу және шектеу туралы» заңы (2002 ж.10 шілде)

18.АҚТБ/ЖҚТБ – ның алдын алу жайлы декларация (2001ж)

19. Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлықтарының алдын алу бойынша 2019 жылға дейінгі жол картасы;

20. Қазақстан Республикасының 04.12.2009 жылғы "Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы" заңы;

21. "Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн" Ұлттық ақпараттық науқаны;

22. "Қауіпсіз мектеп" республикалық акциясы

23. Қазақстан Республикасының 04.07.2013 жылғы № 127 "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы.

## Ш.Уәлиханов атындағы ЖББМ-нің тәрбие жүйесінің құрылымы:

- тақырыбы;
- тәрбие жұмысының мақсаты;
- тәрбие жұмысының міндеттері;
- күтілетін нәтижелер;
- тәрбие жұмысын ұйымдастыру.

### *Тәрбие жұмысының мақсаты:*

Мақсаты: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру. «Жас жеткіншектердің бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді және «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірінде жүзеге асыру ұмтылысын қалыптастыру, мемлекеттік рәмізін құрметтеуге,халық дәстүрлерін дәріптеуге тәрбиелеу.

### *Тәрбиенің жұмысының міндеттері:*

***1.Қ.Р.Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған « Құндылықтарға негізделген білім беру жобасын » басшылыққа ала отырып бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып жүргізілген жұмыстарды қорытындылай отырып, мектептің тәрбие жұмысының іс- тәжірибесін жинақтау.***

***2. Сынып жетекші оқушылардың қызығушылығын арттыру бағытында тәрбие сағатына жаңа технология элементтерін қолдану.***

***3.Мектеп пен ата-ана байланысын нығайту үшін түрлі отбасылық сайыстар өткізу, сыныптағы жиналыс формаларын өзгерту арқылы ата-аналардың жиналысқа қатысу деңгейін көтеру.***

***4.Көпмәдениетті көркем эстетикалық бағыттың жұмысын жандандыру, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды күшейту***

**Күтілетін нәтижесі :**

- ✓ азаматтық-патриоттық сана-сезімі жоғары;
- ✓ рухани-адамгершілік қасиеттері дамыған;
- ✓ отбасылық құндылықтарды ұстанатын;
- ✓ құқықтық санасы нығайып қалыптасқан;
- ✓ салауатты өмір салтын ұстанатын;
- ✓ Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсене қатысатын, халқымыздың бай өмір тәжірибесі негізінде тәрбиеленген, ұлттық менталитетімізді бойына сіңірген XXI ғасырдың жеке тұлғасы тәрбиеленеді.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1.Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

2. Рухани-адамгершілік тәрбие

3. Ұлттық тәрбие

4.Отбасы тәрбиесі

5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады.

Тәрбие жұмысын іске асыру тиімділігінің өлшеуіші ретінде тұлғаның қоршаған әлемге, қандай да бір құндылықтарға және қоғамдық құбылыстарға қарым-қатынастардан байқалатын критерийлер ұсынылды.

Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие

Мақсаты: **:** Отанға ұтымды және эмоционалдық қарым-қатынасы, мемлекет пен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылық қақарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриот пен азаматтық алыптастыру. *«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Отаным - тағдырым», «Атамекен» бағдарламаларындағы бағытқа лайық іс-шаралар өткізу.*

Екінші бағыт – Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: : "Рухани жаңғыру" құндылық негіздерін тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттерімен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру, қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен,

нормаларымен дәстүрлерімен келісіледі.*«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Рухани қазына» шағын бағдарламасына сәйкес іс-шаралар қарастырылуы керек.*

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсету. *«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Өлкетану», «Тәрбие және білім», «Рухани Қазына».*

Төртінші бағыт - Отбасы тәрбиесі

Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру. *«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Отбасы әлемі» жобасы негізінде*

Бесінші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту. ***«Рухани жаңғыру»*** *бағдарламасыаясында* ***«Саналы азамат»*** *базалық бағытты қарастыру.*

Алтыншы бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Жетінші бағыт - Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа,эстетикалық объектілердіқабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдени орта құру.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

## «Ш.Уәлиханов атындағы ЖББМ» 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТАЛДАУЫ

Оқу мен тәрбие егіз, оларды бір – бірінен бөліп қарауға болмайды. Ұлы данамыз Әл – Фараби «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» десе, ал В. Белинский «Бала тәрбиесіне ерекше мән берілуі керек, тәрбиенің арқасында болашақ адамзат тағдырының негізгі мәселесі шешіледі» деп білгірлікпен дөп басып айтқан. Бала тәрбиесі — өте күрделі процесс. Оның күрделігі бесіктен бастау алып, үнемі уақытпен, бала көңіл – күйімен, жеке қабілетімен, икемділігімен, тізгінді үнемі қадағалау қажеттігімен ұғындырылады. Ойлап қарасақ, тәрбие баланың бал дәуренінен бастап азамат болғанға дейін тәні мен жанына төрт – бес арнамен құйылады.

Еліміздің ірге тасы берік қаланып, экономикасы жедел қарқынмен алға басып дамуы кезінде, жас буынға білім және тәрбие беріп жатқан мектептеріміздің алатын орыны ерекше.

30 тамыз-Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай ұйымдастырылған «Ата заңым-қуатым» атты кітаптар көрмесі

Мақсаты: Конституция туралы мағлұмат бере отырып, мемлекеттілігізді нығайту, ел экономикасын өркендету.Тәуелсіз Қазақстан елінің Ата заңын қадірлеп, құрметтеуге шақыру.

Көрмені таныстыру барысында кітапханашы қазақстандықтардың өмір сапасын жақсарту, еліміздің халықаралық абыройын асқақтату үшін көп жұмыс атқарылғаны туралы айтып өтті. Соның ішіндегі ең маңыздысы – осы жылдар бойы республикамызда бейбітшілік пен халықаралық татулықтың сақталуы екендігіне баса назар аударды. Бұдан соң оқушылардың құқықтық білімін нығайту мақсатында танымдық шаралар ұйымдастырылды. Атап айтқанда: «Заңды білесің бе?» атты викториналық сұрақтар қойылды. 7 сынып оқушысы Әмірова Динара Ата Заң туралы өз ойын оқырмандармен бөлісіп, Қазақстанның табысты жолға түсуі еліміздің Конституциясына тікелей байланысты деген пікірін жеткізді. Оқу залында ұйымдастырылған «Ата заңым-қуатым»атты кітап көрмесіне қойылған кітаптар мен мерзімді басылымдарға шолу жасалды.

**Бірінші бағыт – Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие**

Мақсаты: Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, оларда балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру.

Білім күні мерекесіне арналған іс – шаралар жоспары Білім күні» салтанатты жиын , «Алтын заң алтын діңгегім, Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз, Мамандық таңдау-ертеңді ойлау тақырыптарында » алғашқы сабақ, «Денсаулық фестивалі-2021 » спорттық жарыстар, « Отбасы – бақыт мекені » атты апталық, «Тілім,менің айбыным » Тілдер мерекесіне байланысты шаралар өткізілді. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу айлығы ұйымдастырылып, мектеп психолгі мен әлеуметтік педагогі оқушылардан сауалнама алып ата-аналарымен байланыс жасап мектепшілік және Пб-де есепте тұрған оқушылар тізімін анықтады. Мектеп айналасын абаттандыру айлығы өткізілді.

2021 жылдың 30-қараша күні Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президент күніне орай өткізілген іс шаралар:

Жас ұрпақты өз елінің тәуелсіздігі үшін күрескен қаһармандарын құрметтеуге, адамгершілік сезімдерін қалыптастыру арқылы отаншылдыққа, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға, ел мен жердің қадір –қасиетін ұғындыруға тәрбиелеу мақсатында мектебімізде Қазақстан Республикасының 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Осы жоспар аясында біршама іс-шаралар атқарылды. Атап айтқанда, 2021 жылдың 06-14 желтоксан күндері кітапханашы Шагирова А М мектеп кітаханасында «Тәуелсіздік-Мәңгілік Ел мұраты» тақырыбында кітаптар көрмесін ұйымдастырды. Көрменің басты мақсаты- оқушыларға отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншілігін арттыруға дұрыс бағыт-бағдар беру мен өз елінің тарихын сыйлауға үйрету болды. Бастауыш сынып жетекшілері 11-14 желтоқсан күндері «Менің Қазақстаным-менің болашағым» атты сынып сағаттарын өткізді. Сабақтар әр алуан формада өтті. Сынып сағаттарының мақсаты- оқушыларды еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішіндегі жеткен жетістіктерімен таныстыру, әлем таныған ел екенін дәлелдеу болды. 5-11 сынып жетекшілері «Біз Тәуелсіз елдің болашағымыз» атты бірыңғай ашық тәрбие сағаттарын өткізді.13 желтоқсан күні «Мен бақытты ұланмын» тақырыбында мектепішілік «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымы қатарына қабылдау салтанатты жиыны өткізілді. Салтанатты жиынды мектеп директоры құттықтау сөз сөйлеп, ардагер ұстаздар, тәжірибелі мұғалімдер ұйымға жаңадан қабылданған оқушыларға галстук пен төсбелгіні тақты. Ұйым мүшелері анттарын айтып, ережелерімен таныстырып, гимнін айтып ұйымға қабылданды. Салтанатты жиынға «Жас ұлан» ұйымы мүшелері өз флешмобтарын тарту етті.

**Қорытынды:** Жоспар бойынша барлық шаралар жүйелі түрде, жоғары деңгейде өткізілді.

**Ұсыныс:** Келесі оқу жылында қалалық, облыстық әскери-патриоттық сайыстарға белсенді қатынасу арқылы, нәтижеге жету

Екінші бағыт–Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Мектебімізде 2021 жылғы 1 тамыздан бастап 30 қыркүйекке дейінгі аралықта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігі жаңа оқу жылы қарсаңында «Менің таңдауым- балаларға көмек көрсету» ұранымен "Мектепке жол " дәстүрлі жалпы республикалық акция өтті. Акцияның мақсат -- аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу үшін материалдық және басқада көмек көрсету. Осыған орай мектебімізде Жалпыға бірдей міндетті оқу айлығы мен «Мектепке жол» акциясының жоспары жасалып,сол жоспар бойынша іс-шаралар атқарылды. Атап айтқанда, ауылдағы 0-18 жас аралығындағы балалардың тамыз есебі жасалды. Мектеп оқушыларының сабаққа дайындығын бақылау мақсатында сынып жетекшілер мен мектеп әкімшілігі оқушылардың үйіне рейдтер ұйымдастырды. Мектеп оқушыларының сабаққа дайындығын анықтау мақсатында мектеп әкімшілігі сынып жетекшілерімен бірлесіп оқушылардың үйлерін аралап,сабаққа дайын емес,материалдық көмекке мұқтаж оқушыларды анықтады. Рейд қорытындысы бойынша шаруа қожалықтарында, алқаптарда жұмыс жасап жүрген,сондай-ақ кешкі мезгілде ата-анасының қадағалауынсыз қалған балалар анықталған жоқ. Қазан айы 1 қазан қарттар күніне орай, оқушыларға рухани –адамгершілік тәрбие беру мақсатында «Дария – теңіз, тау мүсін, қарттарым аман-саумысың?» атты қарттар күніне арнап ауылымыздың қарт кісілерге арнап сыйлықтар табысталды. Сол жоспарға сәйкес іс-шаралар атқарылды.

**Қорытынды**: рухани-адамгершілік бағыттағы шаралар жоспарға сай өткізіліп, тәрбие сағаттары мен шаралар барысында оқушылардың бойында адамгершілік қасиеттер қалыптасуға ықпал етілді.

**Ұсыныс:** Рухани –адамгершілік бағытындағы шаралар санын арттыру.

Үшінші бағыт – Ұлттық тәрбие

Мақсаты:Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу. Мектеп кітапханасының меңгерушісі У.Кулгараева Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын іске асыру мақсатында желілік кестеге сәйкес 4 қазан күні «Ұлттық дәстүр- сарқылмас қазына» атты дөңгелек үстел өткізді. Дөңгелек үстелдің мақсаты- оқушыларға қазақ халқының салт-дәстрі мен әдет-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру, оқушылардың бойына адамгершілік, имандылылық қасиеттерін, халық өнегесін үйрету болды.

**Қорытынды**: Ұлттық тәрбие бағыты бойынша жоспарға сай шаралар жоғары деңгейде өткізіліп, оқушылар бойына ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық қасиеттер қалыптасты.

**Ұсыныс:** Ұлттық тәрбие бағытында қалалық ,аудандық денгейдегі сайыстарға қатынасып, нәтижеге жету.8, 10 сыныптарының осы бағыттағы жұмысын күшейту.

Желтоқсан айында **Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салты және денсаулық тәрбиесі, Отбасы тәрбиесі, Қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру, Көпмәдениетті және көркемэстетикалық тәрбие** бағыттары бойынша Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмысына талдау, Қазақстан Республикасының тәуелсіздік мерекесіне арналған шаралар кешені Оқушылардың тәрбиелілік деңгейін анықтау мақсатында диагностика жұмысын атқару (жарты жылдық диагностика). Диагностикалардың салыстырмалы талдауы негізінде екінші жарты жылдыққа арналған тәрбие жұмысының жоспарларына түзетулер енгізу. Халықаралық ЖҚТҚБ індетіне қарсы күрес күніне арналған шаралар, 1желтоқсан Тұңғыш Президент күні мерекесі тойланды, Ата-аналардың мектепішілік жиналысы, Өрт қауіпсіздігінің алдын алу айлығы аясында өткізілетін шаралар, Жаңа жылдық шырша мерекелері өткізілді.

Қаңтар айында**Отбасы тәрбиесі, Қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру, Көпмәдениетті және көркемэстетикалық тәрбие,Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салты және денсаулық тәрбие** бағыттары бойынша Қысқы каникулды ұйымдастырып, өткізуге арналған шаралар

кешені, Жер-Ананы аялайық!, «Туған жер байлығын сақтайық!» тақырыптарына мектепішілік көркем шығарма және көркемсурет сайыс, Оқушылар конференциясы: «Діни таным мен білім негіздері», Қысқы спорт түрлерінен жарыстар «Менің кіші азиадам»:-шаңғы жарысы; -шайбалы хоккей;-шанамен сырғанау; -аққала соғу және қамалды алу шаралары өткізілді

**Қорытынды:** Отбасы тәрбиесіне байланысты жоспарға сай ата-ана-аналар жиналыстары, шаралар, өз деңгейінде өтті

**Ұсыныс:** Болашақта да ата-аналармен жұмысты белсендіру.

Ақпан айында **Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салты және денсаулық тәрбие, Экологиялық және Эстетикалық тәрбие**бағыттары бойынша «Мен және менің болашақ мамандығым» Аудандық, қалалық пәндік олимпиадаларға қатысу, Мектепішілік «Алау» (зарница) ойыны, Жас музыканттардың аудандық, облыстық сайыстарына қатысу, Темекі шегудің алдын алу мақсатындағы шаралары өткізілді. Наурыз айында **Рухани-адамгершілік тәрбиесі, Құқықтық білім беру, Дене тәрбиесі мен салауатты өмір салты және денсаулық тәрбие, Рухани-адамгершілік тәрбиесі** бойынша Ел, Отан тақырыбындағы әдеби-көркем шығармалар, көркем сурет жазу конкурстары 8-наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған іс шаралар Балалардың қоғамдық ұйымының жалпы мектепішілік жиыны «Нашақорлыққа жол жоқ!» тақырыбында плакаттар жазу конкурсы «Қош келдің, әз Наурыз!» жаңа жыл басын мерекелеу шаралары өткізілді.

Сәуір айында **Құқықтық тәрбие және білім беру, Азаматтық-патриоттық , құқықтық тәрбиесін беру, Экологиялық тәрбие, Отбасы тәрбиесі, Дене тәрбиесі, Рухани-адамгершілік тәрбиесі, Мамандық түрлері туралы мәлімет бере отырып, кәсіби құндылықтарды меңгеруге баулу, Өзіне-өзі қызмет көрсете білу дағдысын қалыптастыру, Құқықтық білімдерін жетілдіру және адам-қоғам арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру, Құқықтық білім беру, Қоршаған ортаны қорғау және сақтау қабілеттерін қалыптастыру, Шығармашылық қызметтегі өздерінің дербестігін көрсету қарым-қатынасын орнату және оларды дамыту, үйлестіру тәрбиесін беру, Мектеп пен отбасының өзара қарым-қатынасын қалыптастыру, Денсаулық қалыптастыру, Оқушылар арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу** бойынша Мамандық таңдау айлығы аясында өткізілетін шаралар кешені, Тазалық айлығы, Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу айлығы аясында ұйымдастырылатын шаралар, Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу айлығы аясында өткізілетін шаралар кешені, Жер күніне арналған экологиялық конференция, «Күлкі керуені»-көрші мектептердің КТК мүшелерімен бірлесе өткізілетін көңіл көтеру кеші, «Оқушының білім сапасын арттырудағы ата-ана мен мектептің біріккен әрекеттері» тақырыбында мектепішілік конференция, Президенттік тест нормативтерін тапсыру, «Мен өмірді қалаймын!»-психологиялық тренингтер өткізілді.

Мамыр айында **Рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық тәрбиесі, Патриоттық тәрбие беру, Азаматтық тәрбие, Рухани-адамгершілік, азаматтық тәрбиесі, Зерттеу жұмыстары, Ақыл-ой қабілеті мен білім алу құлшынысын қалыптастыру, Адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, Экологиялық, адамгершілік тәрбиесі, Патриоттық тәрбиесін беру, Отансүйгіштік, елжандылық, патриоттық тәрбиесін беру, Ұлт аралық татулық, толеранттық сезімдерін қалыптастыру** бағыттары бойынша «Бірлігіміз жарасқан!» тақырыбымен мектеп орналасқан аймақта өмір сүріп отырған түрлі ұлт өкілдерімен кездесу кеші, «Ешкім де ештеңе де ұмытылмайды!» патриоттық тәрбие беру айлығы аясында өткізілетін шаралар кешені, «Ұлан» патриоттық ойынын өткізу, «Менің ағашым» акциясына өткізу, «Соңғы қоңырау» мерекесі, Оқушы тәрбиелілігі деңгейін жылдық қорытынды анықтау диагностикасы өткізілді.

Ата-анамен жұмыс жүргізудің ең қолайлы түрі ата-аналар жиналысы. Сондықтанда ата-аналардың мектеппен ынтымақтастығының басты баспалдақтарының бірі – оқу жылында 3 рет өткізілетін жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы болып табылады. Биылғы оқу жылында мектепішілік ата-аналар жиналысы 3 рет болды: қараша, қаңтар және мамыр айларында. Мектепішілік ата-аналар жиналысында барлық ата-анаға тән мәселелер қаралды, яғни ҰБТ, оқушылардың құқықтары мен міндеттері, қыс мезгіліндегі балалардың өмір қауіпсіздігі, ата-аналарға арналған мектепшілік ереже, жөндеу, демалыс, жазғы демалыс, мектеп бітіру кеші және соңғы жылдары өте жиі белең алып жатқан проблемалардың бірі – суицид мәселесі туралы және мектепте ата-аналар кеңесінің құрамын сайлау туралы. Ата-аналар мектепте ұйымдастырылған барлық мерекелік

іс-шараларға қатысып, белсенділік танытып отырады. Мектепте жалпы ата-аналар комитетінің жұмыстары өз деңгейінде жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, жалпы ата-аналар жиналысы тоқсан сайын өткізіледі. Мектепішілік ата-аналар жиналысында «Бала тәрбиесі - баршаның ісі», «Мектеппен ата-аналар байланысы неге аз?», «Тәртіптің ең тамаша мектебі», «Әкеден –ақыл, анадан- мейір» атты баяндамалар оқылып, әр ата-ана өз ойларын ортаға салды. Ата-аналардың қатысуымен «Менің жанұям – менің қорғаным», «Әкеге қарап ұл өсер!», «Толағай» отбасылық сайысы, «Әкем, шешем және мен» дәстүрлі эстафетасы т.б. сайыстар жүргізу жұмысы назардан тыс қалған емес. «Жаңа жыл кеші» , «Наурыз» мерекесін тойлауда мектебіміздің ата-аналары өте белсене қатысады. Ұлттық өнерді, ұлттық нақышты жасөспірімдердің бойына сіңіруде ата-ананың қосатын үлесі зор.

**Тәрбие саласы бойынша облыстық, аудандық байқауларға қатысып, нәтиже көрсеткендер:**

*Шығыстың ғұлама ойшылы ӘБУ НАСЫР ӘЛ-Фарабидің 1150 жылдығына орай «Ақтөбе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірибелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен 9 сынып оқушысы Амангалиева Ғазиза 1 орын алды. «Алтын қазына» сырттай балалар шығармашылық көрмесінде II дәрежелі дипломмен 7 сынып оқушысы Саматқызы Еңлік марапатталды. Республикалық балалар және жасөспірімдер сайысынан Досбаева Әсем «Аналар асыл жандар» тақырыбында әндер байқауына қатысып I орын алды. «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына -30 кітап рухани акциясы аясында қазақтың аса көрнекті педагогі жазушы Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына орай ұйымдастырылған аудандық шарада Нұрланова Айару 2 орын, Досбаева Әсем3 орын, Қалыбай Нұрай Алғыс хатпен марапатталды.*

**Ұсыныс: 2021-2022 оқу жылына тәрбие жұмысы бойынша ұсыныс**

***1.Қ.Р.Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған « Құндылықтарға негізделген білім беру жобасын » басшылыққа ала отырып бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып жүргізілген жұмыстарды қорытындылай отырып, мектептің тәрбие жұмысының іс- тәжірибесін жинақтау.***

***2. Сынып жетекші оқушылардың қызығушылығын арттыру бағытында тәрбие сағатына жаңа технология элементтерін қолдану.***

***3.Жаңа оқу жылында мектепішілік шараларға жауаптыларға оқу жылының басында түсінік жұмыстарын жүргізіп, ертерек қажетті материалдарды жинақтауға мүмкіндік жасау.***

***4.Мектеп пен ата-ана байланысын нығайту үшін түрлі отбасылық сайыстар өткізу, сыныптағы жиналыс формаларын өзгерту арқылы ата-аналардың жиналысқа қатысу деңгейін көтеру.***

***5.Шығармашыл, жаңашыл сынып жетекшілердің тәжірибесін тарату, басылымдарға жазу.***

***6.Көпмәдениетті көркем эстетикалық бағыттың жұмысын жандандыру, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды күшейту***

**2021-2022 оқу жылына SWOT - талдау**

**Мықты жағы:**

Мектеп оқушыларының тәрбиелік деңгейінің жоғарылығы. Жалпы құқықбұзушылықтың орын алмауы. Оқушылардың мектепішілік іс-шараларға жүйелі түрде атсалысуы.

**Мүмкіндіктер:**Мектебімізде баланың бос уақытын тиімді пайдалану және жасөспірімдердің құқықбұзушылығын алдын алу мақсатында оқушыларды қызықтыратын үйірмелер жоспарланса. (дебат, домбыра, би, шахмат. т.б)

**Әлсіз жағы**:

Ата-аналардың көбінесе мектеппен одақтаса алмайтындығы. Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайларының төмендігі.

**Қауіп -қатерлер:** Баланың бос уақытын тиімді пайдаланбау барысы мектеп оқушыларының тәрбиелік деңгейлерінің төмендеп кетуіне соғуы

**Орындаған: А.М.Шохинова Тел :**

іс-шараларға қатысып, белсенділік танытып отырады. Мектепте жалпы ата-аналар комитетінің жұмыстары өз деңгейінде жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, жалпы ата-аналар жиналысы тоқсан сайын өткізіледі. Мектепішілік ата-аналар жиналысында «Бала тәрбиесі - баршаның ісі», «Мектеппен ата-аналар байланысы неге аз?», «Тәртіптің ең тамаша мектебі», «Әкеден –ақыл, анадан- мейір» атты баяндамалар оқылып, әр ата-ана өз ойларын ортаға салды. Ата-аналардың қатысуымен «Менің жанұям – менің қорғаным», «Әкеге қарап ұл өсер!», «Толағай» отбасылық сайысы, «Әкем, шешем және мен» дәстүрлі эстафетасы т.б. сайыстар жүргізу жұмысы назардан тыс қалған емес. «Жаңа жыл кеші» , «Наурыз» мерекесін тойлауда мектебіміздің ата-аналары өте белсене қатысады. Ұлттық өнерді, ұлттық нақышты жасөспірімдердің бойына сіңіруде ата-ананың қосатын үлесі зор.

**Ұсыныс: 2021-2022 оқу жылына тәрбие жұмысы бойынша ұсыныс**

***1.Қ.Р.Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған « Құндылықтарға негізделген білім беру жобасын » басшылыққа ала отырып бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып жүргізілген жұмыстарды қорытындылай отырып, мектептің тәрбие жұмысының іс- тәжірибесін жинақтау.***

***2. Сынып жетекші оқушылардың қызығушылығын арттыру бағытында тәрбие сағатына жаңа технология элементтерін қолдану.***

***3.Жаңа оқу жылында мектепішілік шараларға жауаптыларға оқу жылының басында түсінік жұмыстарын жүргізіп, ертерек қажетті материалдарды жинақтауға мүмкіндік жасау.***

***4.Мектеп пен ата-ана байланысын нығайту үшін түрлі отбасылық сайыстар өткізу, сыныптағы жиналыс формаларын өзгерту арқылы ата-аналардың жиналысқа қатысу деңгейін көтеру.***

***5.Шығармашыл, жаңашыл сынып жетекшілердің тәжірибесін тарату, басылымдарға жазу.***

***6.Көпмәдениетті көркем эстетикалық бағыттың жұмысын жандандыру, оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды күшейту***

**2021-2022 оқу жылына SWOT – талдау**

**Мықты жағы:**

Мектеп оқушыларының тәрбиелік деңгейінің жоғарылығы. Жалпы құқықбұзушылықтың орын алмауы. Оқушылардың мектепішілік іс-шараларға жүйелі түрде атсалысуы.

**Мүмкіндіктер:**Мектебімізде баланың бос уақытын тиімді пайдалану және жасөспірімдердің құқықбұзушылығын алдын алу мақсатында оқушыларды қызықтыратын үйірмелер жоспарланса. (дебат, домбыра, би, шахмат. т.б)

**Әлсіз жағы**:

Ата-аналардың көбінесе мектеппен одақтаса алмайтындығы. Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайларының төмендігі.

**Қауіп -қатерлер:** Баланың бос уақытын тиімді пайдаланбау барысы мектеп оқушыларының тәрбиелік деңгейлерінің төмендеп кетуіне соғуы

**Орындаған: А.М.Шохинова**

# ҚЫРКҮЙЕК – Білім айы

- ***ҚР Конституциясына – 26 жыл;***
- ***Ы.Алтынсариннің 180 жылдығы;***
- ***Отбасы күні.***

***1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары;***
***5 қыркүйек-Тілдер күні, апталық;***

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **БІЛІМ КҮНІ** *\/Тәуелсіздікке-30жыл/* | Салтанатты жиын | 1-11 сыныптар | ДТІЖО А.М.Шохинова Беркимбаева М Жукенова Н |
| | | | | Тәрбие сағаты | | |
| | | **«Құқықтық мәдениет» жобасы** | **«Ата Заң – Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі»** */ҚР Конституциясына – 26 жыл/* | Тәрбие сағаты | 9-11 сыныптар | ДТІЖО А.М.Шохинова Зиятова Г Мукажанова К |
| | | | **«Абайлаңыз балалар!» акциясы** */арнайы жоспар/* | Апталық | 1-4 сыныптар | ДТІЖО А.М.Шохинова Шабленова Г |
| | | | *Білім басқармасы, құқық қорғау органы, прокуратура қызметкерлерімен бірлесіп* **«Мобильді топ»** *құру* | Бұйрық, рейд жүргізу | «Мобильді топ» мүшелері | ДТІЖО А.М.Шохинова мектеп психологы Жүкен А У әлеуметтік педагог Ғапиз Ш Н |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **«Мектептегі мінез-құлық ережелері»** *(Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру)* | Тәрбие сағаты | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| 2 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | 5 қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесін ұйымдастыру **«Тәуелсіздік – мемлекеттік тіл тірегі»** | Мерекелік кеш<br>тәрбие сағаты | 8-9 сынып оқушылары, Пән мұғалімдері | Касымова С Мукажанова К |
| 3 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | **«Қамқорлық» жобасы** | **«Мектепке жол», «Мектепке жиналуға көмектес» және «Адамдарға қуаныш сыйла!»** *қайырымдылық акциясы* | Акция | 1-11 сыныптар | Ғапиз Ш Н |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Дәстүр мен ғұрып» жобасы** | **«Отбасы-бақыт мекені»** */арнайы жоспар/* | Апталық | 1-11 сыныптар | ДТІЖО А.М.Шохинова |
| | | | Бала тәрбиесіндегі отбасы ролін көтеру. **«Құндылықтарға негізделген білім беру»** бағдарламасы аясында мектепте **«Аталар мектебі», «Әжелер мектебі»,** | Жоспарға сәйкес | Аталар, әжелер, аналар,әкелер мектебінің мүшелері | ДТІЖО А.М.Шохинова |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **«Әкелер мектебі», «Аналар мектебі»** құру. */Арнайы жоспарлар әзірлеу/* | | | |
| 5 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында **«Сен туған Қазақстаныңды білесің бе?»** | Оқырман дар сайысы | 5-10 сыныптар | Шагирова А М |
| 6 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«ЭКОstart» жобасы** | **«Табиғат тамашалары»** | Сурет байқауы | 1-4 сыныптар | Беркимбаева М Жукенова Н Касымова С |
| | | | **«Эко-квест»** */Қалдықтарды бөлек жинау акциясы /* | Акция | 5-7 сыныптар | |
| | | | **«Мен қызығатын әлем»** | Фото коллаж | 8-11сынып тар | |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **«Көше тәртібі – өмір сүру тәртібі»** | Ролдік ойындар | 1-4 сыныптар | Беркимбаева М Мукажанова К |
| | | | **Мәдениет қызметкерлерімен кездесу өткізу** | Кездесу | 8-9 сынып | |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | **«Дұрыс тамақтану-үздік білім алудың жолы!»** | Тәрбие сағаты | 1-11сынып тар | Сынып жетекшілер |
| | | | **«NO SMOKING DAY» шылым шегуге қарсы!** | Акция | 8-11 сыныпта р | Махметова Ш.С |

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

**ҚАЗАН – Алаш азаматтарын ұлықтау айы**

- *1 қазан – Мұғалімдер күні, Қарттар күні;*
- *Қасым Аманжоловтың 110 жылдығы;*

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысу шылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Құқықтық мәдениет» жобасы** | **«Қылмыссыз балалық шақ»** *\/арнайы жоспар\/* | Айлық | 1-11 сыныптар | Жүкен А У |
| | | | **«Тұрмыстық зорлық – зомбылықсыз Қазақстан»** *\/арнайы жоспар\/* | Пилоттық жоба | | |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | **«Ұстаз деген жарқын күні ғаламның»** | Мерекелік кеш | 11 сыныптар | Райымбек М |
| | | | **«Ұлылықтың басында ұстаз тұрар!»** | Өнеге сабағы | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| | | | 1қазан - Қарттар күніне арналған **«Өз жүрегіңмен жылыту»** | Қайырымдылық акциясы | 1-11 сыныптар | |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Дәстүр мен ғұрып» жобасы** | **«Дәстүрлі әндер»** | челленджі | 2-11 сыныптар | Тлеуберлин Т Т |
| | | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | **«Өзге емес, өзім айтам өз жайымда»** *(Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына орай)* | Тәрбие сағаты | 5-8 сыныптар | Шагирова А М |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | **«Бір отбасы – бір кітап»** | Сурет, бейне түсірілім байқауы | 1-11 сыныптар | Шагирова А М |
| | | **«Дәстүр мен ғұрып» жобасы** | **«Әкем айтқан нақыл сөз...»** | «Айтарым бар...» ток-шоу | 9-11 сыныптар | Мукажанова К |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«ЭКОstart» жобасы** | **«Сақ болсаң, сау боласың!»** | Марафон, видео түсірілімдер | 1-7 сыныптар | Жукенова Н Беркимбаева М |
| | | **«Bala business» жобасы** | **«Менің бизнес идеяларым»** | Бизнес-идея байқауы | 8-11 сыныптар | Касымова С |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«BOOKDATING – кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса» жобасы** | **«Тәуелсіз Қазақстанның жаһандық бастамалары.Халықаралық қауіпсіздікке қосқан үлесі»** | Дебат | Дебат клубының мүшелері 7-9 сыныптар | Абишева А |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **«Мектебім - мақтанышым»** | ART-кеңістігі | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |
| | | | **«Туған жерімнің шырайлы жерлері»** | Тарихи-зерттеу жобасы | 5-9 сыныптар | Мукажанова К Зиятова Г Жукенова Н |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | **Дене тәрбиесі** | Жоспарға сәйкес сыныптан тыс іс-шаралар *(онкүндік)* | 1-11 сыныптар | Сыздыков И А |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **«Мектеп денсаулық ортасы бола ала ма?»** | Медицина қызметкерлері мен кездесу | 7-8 сыныптар | Касымова С Райымбек М У |

**ҚАРАША – Поэзия айы**

- *15 қараша-Ұлттық валюта күні;*
- *Ақын, Қазақстанның халық жазушысы Мәриям Хәкімжанованың 115 жылдығы;*
- *Күзгі демалыс.*

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Құқықтық мәдениет» жобасы** | **«Қоғамдық тәртіп негіздері»** | Дебат | 8-11 сыныптар | Мукажанова К<br>Зиятова Г<br>Касымова С |
| | | | **«Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!»** */арнайы жоспар/* | Апталық | 5-11сыныптар | Жүкен А У |
| | | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | **«Тәуелсіздіктің нұры-тұңғыш ЕЛБАСЫ»** | Танымдық сабақ | 5-11сыныптар | Жукенова Н<br>Зиятова Г<br>Мукажанова К |
| | | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | **«Тәуелсіздік ұрпақтары»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Челлендж | 5-10 сыныптар | Жукенова Н<br>Зиятова Г |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | **«30 игі іс» жобасы** | 15 қараша-Ұлттық валюта күні<br>**«Теңге – Тәуелсіздік келбеті»**<br>**«Ұлттық валютамыз – тәуелсіздігіміздің көрсеткіші»** | Тәрбие сағаттары | 5-11 сыныптар | Жукенова Н<br>Касымова С |
| | | | **«Біз оқитын 30 кітап»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | «REDx» жұмысы | 5-11 сыныптар | Шагирова А М |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«30 игі іс» жобасы** | **«Тәуелсіздікке тарту»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Қолөнер көрмесі | 4-10 сыныптар | Касымханова А |
| | | | **«Ұлттық тәрбие – құндылық бастауы»** | Үздік ЭССЕ конкурсы | 5-9 сыныптар | Касымова С Райымбек М У |
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | **«Тоғызқұмалақ-day»** | Отбасылық турниры | 1-9 сыныптар | Сыздыков И А |
| | | | **«Әкеге-ізет, анаға – құрмет»** | Дөңгелек үстел | 1-4 сыныптар | Шабленова Г |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Адал friends»** жобасы | **«Адал еңбек бейнесі»** | Сурет конкурсы | 2-3 сыныптар | Беркимбаева М |
| | | **«Үнем - қоғам қуаты» жобасы** | Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған **«Үнемділік инноваторы»** | Жарнамалық жұмыстар конкурсы | 5-10 сыныптар | Жукенова Н |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | Мектепте, үзілісте... **«М.Хакімжанованың өлеңдерін оқимыз»** | Бірыңғай оқу сағаты | 2 -7 сыныптар | Шагирова А М |
| | | **«Оқуға құштар мектеп» жобасы** | Ы.Алтынсаринге -180 жыл **«Ұлы даланың ұландары»** | Зияткерлік ойын | 5 -7 сыныптар | Жукенова Н Райымбек М У |
| | | | **«Ж.Жабаевтың өмірінен 10 дерек** | Ақпараттық-Time | 8-11 сыныптар | |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«30 игі іс» жобасы** | **«30 үздік қолөнер бұйымы»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Байқау | 1-10 сыныптар | Жуканов Д.А |
| | | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **«Мен ерекше баламын»** | Байқау | 4-сыныптар | Беркимбаева М Шохинова А.М |
| | | | **"Жұлдызға жол" балалар байқауы** | Байқау | 5-7 сыныптар | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | |
| **8** | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | «Шахмат-day» *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Отбасылық турнир | 5-7 сыныптар | Жукенова Н<br>Касымова С<br>Беркимбаева М |
| | | | **«Әлемді бағындырған жерлесіміз»** | Кездесу | 8-11 сыныптар | |
| | | | **«Дұрыс тамақтану-болашақ ұлт денсаулығын сақтау»** | Тәрбие сағаты | 1-11сыныптар | |

## ЖЕЛТОҚСАН – «Тәуелсіздік –орындалған арман. Қазақстан жолы»

- *1 желтоқсан - ҚР Тұңғыш Президенті күні;*
- *1желтоқсан - Халықаралық ЖИТС-ке қарсы күрес күні;*
- *Желтоқсан оқиғасына-35 жыл;*
- *16 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 30 жылдығы.*

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысушылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | «30 игі іс» жобасы | **«Тәуелсіздіктің 30 қадамы»** | Конференция | 8-11 сыныптар | Зиятова Г Касымханова А |
| | | | **«Бейбіт күннің батыры»** *(Желтоқсан оқиғасына-35 жыл)* | Кездесу | 5-11 сыныптар | Зиятова Г Жукенова Н Райымбек М У |
| | | | **«Тәуелсіздік – орындалған арман. Қазақстан жолы»** */ «үздік сынып жетекші», « үздік көшбасшы», «үздік спортшыны» марапаттау/* | Мерекелік кеш | Мектеп ұжымы 9-11сыныптар | |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | **«Адал friends» жобасы** | **«Мен және менің елім»** | АРТ - көрмесі | 1-11 сыныптар | ДТІЖО Шохинова А М |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Өнегелі бір сағат»** жобасы | **«Елбасының көшбасшылық сабақтары»** | Тәрбие сағаттары | 1-11 сыныптар | Сынып жетекшілер |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **«Мәңгілік Елдің мызғымас 7 негізі»** | Дебат | Дебат клубының мүшелері | ДТІЖО Шохинова А.М Сынып жетекшілер |
| **4** | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Шаңырақ» жобасы** | **«Ең үздік – 30 отбасы»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Байқау | 1-11 сыныптар | ДТІЖО Шохинова А.М Сынып жетекшілер |
| **5** | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Үнем - қоғам қуаты» жобасы** | **«Іскерлік қарым-қатынас этикасы»** | Тәрбие сағаттары | 8-10 сыныптар | ДТІЖО Шохинова А.М Райымбек М У Жукенова Н |
| | | | ***«Жарнама жасау өнері»*** | | 5-7 сыныптар | |
| **6** | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Өнегелі бір сағат»** жобасы<br><br>**«30 игі іс» жобасы** | **«Қазақстанның дамуы жастар қолында»** | Ток-шоу | 7-10 сыныптар | ДТІЖО Шохинова А.М |
| | | | **«Ең үздік – 30 Ұлан»** *(Тәуелсіздікке-30 жыл)* | Байқау | 5-11 сыныптар | ДТІЖО Шохинова А.М |
| | | | **«Жылдың үздік сыныбы»** | Байқау | 1-11 сыныптар | ДТІЖО Шохинова А.М |
| **7** | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Рухани жаңғыру» бағдарламасы** | **Жаңа-жылдық Шырша** | Мерекелік іс-шара | 1-11 сыныптар | ДТІЖО Шохинова А.М |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | **«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» ЖИТС қарсы күн**<br>*/арнайы жоспар/* | Апталық | 5-11 сыныптар | Мектеп дәрігері<br>Махметова Ш.С |
| | | | **«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!»**<br>*(Үздік спортшыны анықтау)* | Спорттық сайыстар | 1-11 сыныптар | Кәріғұл Д Е |

## *ҚАҢТАР АЙЫ*

- **КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ Д.А.ҚОНАЕВ - 110ЖАСТА;**
- ***ҚЫСҚЫ ДЕМАЛЫС.***

| № | Тәрбие жұмысының бағыттары | Іске асырылу жобалары | Іс-шара атаулары | Өткізілу формасы | Қатысу шылар | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Адал friends» жобасы** | **«Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер»** | Дебат | Дебат клубының мүшелері | ДТІЖО Шохинова А.М Сынып жетекшілер |
| | | | **«Жемқорлықтың тарихи тамыры»** | Тәрбие сағаты | 5-7 сыныптар | ДТІЖО Шохинова А.М Беркимбаева М Жукенова Н |
| | | | **«Адалдық жүрген жерде, адамдық жүреді»** | Тәрбие сағаты | 1-4 сынытар | |
| 2 | **РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ** | **«Қамқорлық» жобасы** | **«Қазіргі жастардың өмірлік басымдықтары»** *«Қамқорлық» акциясы* | Акция | 8-9 сыныптар | ДТІЖО Шохинова А.М Касымова С Мукажанова К |
| 3 | **ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Дәстүр мен ғұрып» жобасы** | **«Тату үйдің тамағы тәтті»** | Видеоролик жарысы | Пән мұғалімдері | ДТІЖО Шохинова А.М Сынып жетекшілер |
| | | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | **«Ғасырдың дара перзенті»** */Д.А.Қонаев-110 жаста/* | Тәрбие сағаты | 8-11сыныптар | ДТІЖО Шохинова А.М Зиятова Г Касымханова А |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | **ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Шаңырақ» жобасы** | **«Отбасылық таланттар»** | Отбасылық шығармашылық фестивалі | 1-8 сыныптар | ДТІЖО Шохинова А М Беркимбаева М Касымова С |
| 5 | **ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | **«Ер дәулеті еңбек»** | Шеберлік сағат | 9 сыныптар | ДТІЖО Шохинова А М |
| 6 | **ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ** | **«Bookdating – кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса» жобасы** | **«Бірге кітап оқиық!»** | Эстафета | 5-11сыныптар | Кәрігұл Д Е Райымбек М У Жүкен А У Касымханова А |
| 7 | **КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ–ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ** | **«Өнегелі бір сағат» жобасы** | **«Оқушы мен ұстаз мәдениеті»** | Дөңгелек үстел | 10 сыныптар | Зиятова Г |
| 8 | **ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ** | **«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы** | **«Қызықты қыс»** | Спорттық ойындар | 2-сыныптар | Шагирова А М |